4 «А», 4 «Б», 4 «В», 4 «Г» сыныптарында оқушылардың өзін-өзі бағалауға арналған әдістеме, ойлау қабілетіне арналған «Фигуралардың суретін салып бітіру» әдістемесі, зейінінің шоғырлануына байланысты «Белгілерді қойып шық» әдістемесі, өзіндік жеке ерекшеліктерін, өзін-өзі тануы, өзіне деген сенімінің деңгейін анықтау үшін «Жекелік дифференциал» әдістемесі, жеке тұлғалық ерекшелікті анықтау үшін «Үй салыңыз» проективті әдісі, агрессия деңгейін анықтау үшін «Кактус» әдістемесі, зейіндерінің дамуын анықтау мақсатында «Ландольт сақиналары» әдістемелері жүргізілді. Барлық зерттеу қорытындылары сынып жетекшілеріне табысталып, тиісті психологиялық ұсыныстар жасалынды.

5 «А» сыныбында оқушылардың жаңа оқу буынына бейімделуін зерттеуге арналған әдістеме, қиял деңгейін анықтау әдісі, өзін-өзі бағалауға арналған әдістеме, жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты «Психогеометриялық тест», мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты «Саусақтар арқылы мінез-құлықты анықтау» әдістемесі жүргізілді. Барлық зерттеу қорытындылары сынып жетекшілеріне табысталып, тиісті психологиялық ұсыныстар жасалынды.

6 «А» сынып оқушыларымен көшбасшылықты анықтау үшін «Сіз көшбасшы бола аласыз ба?» әдісі, оқушы бойындағы мазасыздықты анықтау үшін «Стресс тест», мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты «Саусақтар арқылы мінез-құлықты анықтау» әдістемесі жүргізілді. Барлық зерттеу қорытындылары сынып жетекшілеріне табысталып, тиісті психологиялық ұсыныстар жасалынды.

7 «А» сыныбында оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Ч.Спилбергтің «Тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесі», «А.Бек» шкаласы, «Темперамент типтерін анықтау» әдістемесі, СБА, «Стресс тест», «Өзіне-өзі сенімділікті анықтау» әдістемелері жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындылары есептеліп, сынып жетекшісіне табысталды. Қорытындыға сәйкес сынып жетекшісіне, ата-аналарға ұсыныстар мен психологиялық кеңестер айтылды. Сынып оқушыларының мінез-құлық ерекшеліктеріне бойынша ұлдармен жекелей, қыздармен жекелей кеңестер өтті. Сынып жетекші ұйымдастырған бірнеше сынып жиналыстарына қатыстым.

8 «А», 8 «Б» сыныптарында оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Ч.Спилбергтің «Тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесі» жүргізілді. «Стресс» тест зерттеуі оқушылардың стресске төзімділік деңгейі мен бойындағы стресстің деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. «Айзенктің темпераментті анықтау» тесті, «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі, СБА зерттеулері алынды. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы анықталып, сынып жетекшісіне табысталды. Ұсыныстар мен психологиялық кеңестер ұсынылды.

9 «А», 9 «Б» сыныптарында З.Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті, «Стресс тест», «Сізде көтеріңкі көңіл-күй сезімі бар ма?» тесті, «Жеткіншектердегі

қобалжу деңгейін анықтау» тесті сынды зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың стресске төзімділігі, қобалжу деңгейі қалыпты деңгейде екендігі және олардың психологиялық көңіл-күйлерінің жоғары екендігі анықталды.

10 «А», 10 «Б» сынып оқушыларымен оқу мотивациясын анықтау мақсатында сауалнама, СБА, «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы шығарылып, сынып жетекшілеріне табысталды.

11 «А», 11 «Б» сынып оқушыларымен «Стресс» тест, «Филипп бойынша мектептегі мазасыздықты анықтау» тесті, «Сіз емтихандық стресске бейімсіз бе?» тесті, СБА әдістемелері жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы анықталып, сынып жетекшіге ұсыныстар жасалынды.

II. Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша 1-9 сынып оқушыларына «Достық», «Мейірімділік», «Отбасылық құндылықтар» тақырыптарында психологиялық тренингтік жаттығулар жүргізілді. 1 сынып оқушыларының мектепке қызығушылықтарын ояту мақсатында түрлі релаксациялық жаттығулар өткізілді. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, оқушылардың әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануы бағытында түзету жұмыстары жүргізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстар жүргізіліп отырады. Мектеп инспекторы, әлеуметтік педагогпен үнемі тығыз байланыста жұмыс жасалынады. Жыныстық тәрбиеге байланысты тәрбиі ісінің орынбасары, медбикемен бірлесе отырып, 5-11 сынып оқушыларымен әңгіме сағаты, түсіндірме шаралары жүргізілді. 7-9 сынып оқушыларынан жыныстық тәрбиеге байланысты жасырын сауалнама алынды. Аудандық ішкі істер бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Нашақорлыққа қарсымыз», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» үгіт-насихат жұмыстарына мектеп оқушылары қатысты.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы негізінде мектеп бойынша зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бұйрық жасалынды. Осы бұйрық негізінде 5-11 сынып оқушыларымен бірнеше жасырын сауалнама алынды. Сыныптағы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында психологиялық ойындар мен жаттығулар, тренингтер өтті. Зорлық-зомбылық бойынша арнайы тіркеу журналы ашылды. Сынып жетекшілерді, мектеп ұжымын №506 бұйрықта көрсетілген зорлық-зомбылықтың алдын алу алгоритмімен таныстыру жұмысы, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесулер өткізілді.

III. Психологиялық кеңес беру бағыты бойынша арнайы мектеп директорының қолымен, мөрімен бекітілген журналға әртүрлі мәселелермен келген оқушылардың, ата-аналар мен ұстаздардың сұранысы жазылады. Мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. Сенім жәшігі аптасына 3 күн ашылып, түскен мәліметтер тіркеліп отырады.

IV. Психологиялық ағарту жұмысы бойынша тамыз конференциясында аудандық психологтар секциясында «Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында баяндама мен презентация көрсетілді. Жалпымектептік ата-аналар жиналысында «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының бала психологиясына әсері» тақырыбында баяндама, презентация мен бейнероликтер ұсынылды. Мектеп ұстаздары мен ата-аналарына үнемі психологиялық қолдау жұмысы жүргізіліп отырады. Атап айтқанда, оқушылардың тәртібіне байланысты ұсыныстары, отбасылық мәселелер, ұжым ішіндегі қарым-қатынас, ұстаз бен оқушы арасындағы кикілжіндерге байланысты үнемі кеңес беру жұмысы басты назарда ұсталады.

Сонымен қатар, қашықтықтан өткен республикалық психологтар олимпиадасына қатысып, III-орын алдым. КИО сайты мен дарын орталығының психологтар арасында өткен олимпиадаларға қатысып, сертификатқа ие болдым. Республикалық «Үздік психолог портфолиосы» конкурсына қатысып, I-орын алдым. Оқушым Досанова Қарақат республикалық «Солақай балалардың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында ғылыми жоба сайысына қатысып, III орын, аудандық сайыстан III орын алды. Осы байқауға оқушы дайындап, қатыстырғаным үшін алғыс хатпен марапатталдым. Оқу жылы ішінде әртүрлі тақырыптардағы жұмыстарым республикалық журналдар мен сайттарда жарияланды. Жеке авторлық 3 бағдарламам облыстық Білім Басқармасымен бекітіліп, таратуға рұқсат берілді.

Сондай-ақ, бүкіл әлемдік пандемияға байланысты жарияланған карантиндік режимде мектеп оқушыларына, ұстаздар мен ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, баланың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, сабырлылық сақтау, шыдамдылыққа, төзімділікке шақыру бағытында көптеген жадынамалар мен презентациялар, видеороликтер таратылды. Сыныптардың ватсап әлеуметтік желісіндегі топтары арқылы үнемі байланыс жасалып отырды. 11 сынып оқушыларымен ұлттық тірыңғай тестілеуге байланысты психологиялық кеңес, қолдау жұмыстары да жүргізілді.

Аудан мектептерінің психологтарының ұйымдастырумен ата-аналарға арналған психологиялық қолдау, кеңес видеоролигі түсірілді. Бұл видеоролик барлық мектептерге таратылды.

2024-2025 оқу жылы ішінде «Психикалық денсаулық күні», «Психология апталығы» өткізілді. Іс-шаралардың 1 аптаға арналған жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Апталық жоспарында оқушылармен, ата-аналармен, мектеп ұжымымен психологиялық алдын алу, түзету-дамыту шаралары жүзеге асырылды. Жұмыс барысы мектептің әлеуметтік парақшаларында көрініс тапты.

### **2024-2025 оқу жылындағы «Көкпекті орта мектебі» КММ-ің әлеуметтік педагогының атқарылған жұмыстар туралы есебі**

«Көкпекті орта мектебі» КММ-сі ҚР Конституциясы, Білім туралы Заң, Бала құқығы туралы конвенция, Бала құқығын қорғау туралы Заңы, Неке және отбасы туралы Заң негізіндегі нормативтік құжаттар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша әлеуметтік педагог жұмыс атқарып келеді.

2024-2025 оқу жылы бойынша 632 оқушы білім алуда. Ағымдағы жылдың қаңтар айына дейінгі мәлімет бойынша

- Көп балалы отбасы -62, оның ішінде 152 бала
- Азқамтылған отбасы -8, оның ішінде 16 бала
- Жалғыз басты ана- 16 отбасы оның ішінде 20 бала
- Жалғыз басты әке- 2 оның ішінде 2 бала
- Өгей әке- 14 оның ішінде 14 бала
- Өгей ана - 3 оның ішінде 4 бала
- Сәтсіз отбасы-3, оның ішінде 7 бала
- Патронат тәрбиесіндегі- 2 отбасы, оның ішінде 4 оқушы

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет түрі бойынша көмекке мұқтаж ата аналар тарапынан 57 өтініш қабылданып, талап бойынша құжаттары тексеріліп 57 өтініші қанағаттандырылды.

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы бойынша жалпы білім беру қорынан бүгінгі күні аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары тегін тамақпен қамтылуда.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Мектепке жол» акциясында Аудан әкімінің бастамасы бойынша мемлекеттік қызметкерлер мен ауданымыздың кәсікерлерінің демеушілігімен 74 оқушыға мектеп формасы, оқу құрал, сөмке және ақшалай көмек көрсетілді. Сондай –ақ мектеп әкімшілігі мен ұстаздар атынан аз қамтылған отбасылардың балаларына мектепке керекті оқу құрал, мектеп формасы, аяқ киім берілді.

Сәтсіз отбасы есебінде тұрған 2 отбасымен жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде 8 бала. Патронаттық тәрбиедегі оқушылардың тұрғылықты мекен жайы бойынша тұрғын үй актісі толтырылады. Өгей ана, өгей әкелермен тұратын балалардың тізімі жасалып айына бір рет АП бөлімінің инспекторларымен үй аралап тұрғын үй актісі толтырылады.

Мектепке жаңадан келген оқушылармен жұмыстар жүргізіліп тұрады. Тұрғылықты мекенжайлары бойынша мектеп психологы және сынып жетекшілері тығыз байланыста жұмыс атқарылады.

Сондай ақ жалпыға білім беру қорынан аз қамтылған және күн көрісі төмен көп балалы отбасыларға ақшалай материалдық көмек көрсетілді. Ол үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді. Бір оқушы балаға біржолғы жәрдемақы 43 мың 323 теңгені құрады. Ақша киім мен кеңсе заттарын сатып алуға арналған.

### **2024-2025 оқу жылының «Көкпекті орта мектебі» КММ-ің кәсіптік бағдар беру жұмысын өткізу туралы есебі**

"Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады және

білім беру процесінің барлық қатысушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепте ағымдағы оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бекітілді.

#### **Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:**

1. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып,
3. кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

#### **Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары:**

Оқушыларды мамандықтар, оларды алу жолдары, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы хабардар ету, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау,

басымдықта (техникалық, ауылшаруашылық мамандықтары);

Мамандарды тарту арқылы оқушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын қолдану;

Мамандық таңдау мәселелері бойынша педагог-психологтың қатысуымен оқушыларға ұжымдық және жеке кеңес беруі;

Кәсіппен танысу және еңбекті ұйымдастыру мақсатында кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру;

Оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;

Жоғары оқу орындарымен және колледждермен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

Оқу орындарының Ашық есік күндерін өткізу;

2024 -2025 оқу жылы ағымында келесі бағыттар бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілді:

#### **Диагностикалық жұмыс.**

1. 2024-2025 оқу жылында 9,11 сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді.
2. Оқушылардың кәсіби қалауының салалары, сондай-ақ жеке-тұлғалық ерекшеліктері анықталды, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы қиындықтарды,
3. сондай-ақ тұлғалық сипаттағы мәселелерді анықтады. Диагностикалық жұмыс нәтижелері бойынша оқушылармен, педагогтармен және оқу орынбасарымен консультациялар өткізілді;
4. сабақтар циклы (семинарлар мен тренингтер) өткізілді, түрлі қызмет түрлеріне жеке бейімділік деңгейі және тұлғаның бағыттылық түрі анықталды.
5. Оқушылардың пәндер мен қызмет салаларына (Клим МБҰ, бағдар сауалнамасы, қызығушылықтар картасы, жобалық әдістемелер) қызығушылығы мен кәсіби бейімділігі анықталды.

**Кеңес беру жұмысы**– оқушыларға кәсіби таңдау бойынша жеке кеңес беру жүргізілді. Кәсіби мүдделер анықталды, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді.

**Практикалық жұмыс**- әсіресе тренингтер түрінде оқушылармен топтық кәсіптік бағдар беру сабақтары өткізілді. 9-сыныптарда "Кім болғым келеді", "Заманауи мамандықтардың атласы", "Темперамент және мамандық ", "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан" , "Болашақ мамандығым-менің тағдырым , "Мамандық күні" тақырыптарындағы кәсіптік бағдар беру бойынша төрт сабақ 2025 жылдың қаңтар айынан ақпан айына дейін өткізілді.

Сабақтың мақсаты: өз болашағын жоспарлауда, өзіне сай мақсаттарды таңдап, алынған нәтижелерді қажетті жағдайларда өзгерту.

Бұл сабақтар қатысушыларды болашақ мамандықты жауапкершілікпен таңдауға ынталандырады. Кәсіби қызметтің бағыттары мен түрлері туралы түсінік қалыптастырылды, жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі белсендіруге көмек көрсетілді.

**Әлеуметтік-ағартушылық жұмыс**- бес оқу кабинетінде "Қайда оқуға барамыз" бұрыштары ресімделіп, оқушылармен әр түрлі мамандықтармен танысу бойынша әңгімелер ұйымдастырылды.

**Мектеп оқушыларымен келесі жұмыстар жүргізілді:**

9,11-сынып оқушыларының Х Досмухамедов атындағы колледж өкілдерімен (21 қаңтар, БҚМУ университетінің өкілдерімен (21 ақпан), мектептің медициналық қызметкерімен кездесулер ұйымдастырылды.

**Ата-аналармен (заңды өкілдерімен) жұмыс:**

Кәсіби бағдардағы ең маңыздысы ата-аналармен жұмыс. Ата-аналар өз балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдау және білім беру жолдарын анықтау мәселелері білім алушылардың өздері үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиын міндет болып табылады.

Ата-аналар жиналыстарында және сынып сағаттарында, жеке кеңес беру кезінде-сынып жетекшілері қазіргі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, балалардың одан әрі білім алуын дұрыс таңдаудың маңыздылығы туралы мәселелерді көтереді.

Оқу жылы ағымында 9,11-сыныптарда ата-аналар жиналыстарында кәсіптік бағдар бойынша әңгіме өткізілді:

- "Мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау үдерісіндегі ата-аналардың рөлі",
- "Балаға мамандықты таңдауға қалай көмектесу керек?",
- "Зиянды әдеттер мен жасөспірімдер ортасы".

Ата-аналарға сауалнама жүргізілді:

- "Мамандық таңдау»

Ата-аналар мен түлектерге "Мамандықты қалай таңдау керек" жадынамасы таратылды.

Ата-аналармен жұмыс жоғары оқу орындары/колледж өкілдерінің, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің баяндамаларын қамтиды.

Кәсіби бағдар жұмысын қорытындылай келе, қорытынды жасауға болады:

1. Мектепте қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.
2. Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары жеткілікті деңгейде жүзеге асырылады.
3. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады.

**« Көкпекті орта мектебі» КММ**

**Мектеп кітапханасының 2024 – 2025 оқу жылында ұйымдастырылған жұмысының есебі**

**Мақсаты:** мектеп кітапханасы қорын заманауи басылымдармен толықтыру.

Білімалушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиетті оқыту арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Білімалушылардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық - библиографиялық қызмет көрсету.

Тамыз айының соңында барлық 1-11 сынып оқушыларына оқулықтар таратылды, оқулықпен 100% қамтамасыз етілді, және 1-сынып жұмыс дәптерлерімен қамтамасыз етілді. Толық емес отбасылардан, көпбалалы, аз қамтылған балалар оқулықпен 100% қамтылды. Кітапхана қоры ББК жіктеуімен орналасқан. Кітапханада жалпы – 589 оқырман кітап алып оқиды. Кітапханада тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізілді. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептелді. Кітап қарыз оқырмандарға ескертулер айтылды. Оқырмандарға кітап таңдауда кеңес және қызмет көрсетілді. Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптарды Мүлік кітабына және кітапхана қорының құн есеп кітабына тіркелді. Сонымен қатар кітапхана активінің отырысы ұйымдастырылып, кітапхана кеңсінің мүшелерін сайлап, жұмыс жопары құрылды.

Мектеп кітапханасының жалпы қоры – 15171

Оқулықтар – 11861

Көркем әдебиет – 3310

Қазақ тілінде -2085

Орыс тілінде -1225

Оқырмандар саны-589

Кітапханаға келуі – 5301

Кітап алуы – 7068

Қыркүйек айында бастауыш сынып оқушыларына «Кітапханаға саяхат» тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасалып кітапханамен таныстырылып. Тағы бір кітапхана ережелері туралы айтылды. Кітапханада қандайда кітаптар бар екені айтылды. Әр тоқсан сайын «Қалың қалай оқулық?» атты рейдтер жүргізіліп, оқулықтардың ұқыптылығы, тазалығы қадағаланды. Әр тоқсанның соңында бастауыш сыныптардың оқып аяқтаған оқулықтарының бөлімін реттеп кітапхана қорына жинастырылды. 2024-2025 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жылдағыдай өз жұмысын әрі қарай жалғастырды. Осы жоба аясында «Үздік оқырман», «Үздік оқырман сынып», «Үздік оқырман отбасы» анықталып қана қоймай, білімалушылардың кітапқа деген қызығушылықтарының артқаны байқалды. Бастауыш сыныптар арасында 4 «Г» класы, орта буында 6 «А» сыныбы және жоғарғы буында 10 «А» сыныптары үздік оқырман сынып аталды. Сонымен қатар «Үзілісте үзіп оқы», «Минутқа оқу», «Дауыстап оқу», «10 минуттық оқу» әр апта сайын ұйымдастырылды. «REDx» жобасы арқасында қаншама оқырман кітап оқуға деген құлшынысын көрсетті, өздері оқыған әдебиетті өзгеге өз ойын түйіндеп, образға кіріп, қаншама кітаптар оқырмандардың көңілін жаулады.

Қыркүйек айында тіл мерекесі қарсаңында «Тілім менің тірегім» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, тіл туралы викториналық сұрақтарға 3 «а» сынып, 5 «а» сыныптары жауап берді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тоғыз ай бойы білімалушыларды отансүйгіштікке, патриоттыққа, кішіпейілділікке, кітапқұмарлыққа тәрбиелеуде көптеген іс-шаралар өткізілді. Соның бірі «Менің Отаным – Қазақстан», «Отан – отанда ыстық», «Менің өлкем, неткен көркем», «Отаншылдық – тәуелсіздік тірегі», «Әділдік және жауапкершілік», «Ертегі тәрбие көзі», «Еркіндіктің алтын күні», «Алғыс айту парызым», «100 теңге болғанша, 100 досың болсын», «Қош келдің – Әз Наурыз!» атты т.б. көптеген тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты : оқушыларды бір біріне татулыққа, адал достыққа, жанашырлыққа тәрбиелеп, еліне, жеріне деген махаббаттарын, сүйіспеншіліктерін арттыру. Үлкенді құрметтеу, кішіге дұрыс жол көрсету, Қазақстанымыздың тарихын ұмытпай есте сақтау.

Мерейгер ақын жазушылар С.Бегалинге – 130 жыл,Қадыр Мырза Әлиге – 90 жыл,І.Есенберлинге – 110ж.,С.Мұқановқа – 125 ж., М.Мақатаевтың шығармалары ,қазақтың дара ақыны А.Құнанбаевтың – 180 жылдығына қара сөздері,өмірбаяны мен шығармаларына библиографиялық шолулар ұйымдастырылды. Соны мен қатар Абай Құнанбаевтың мерей тойына «Кітап – алтын қазынам» атты сайыс 5-6 сыныптар арасында екі топ болып қатысты. «Кітапсүйерлер» мен «Кітапқұмарлар» тобы Абайдың өмірі бойынша, шығармалары жайлы,қара сөздері жайлы кітаптан алған білімдерін көрсетті. Ал 4,6 класс оқушылары Абайдың өлеңдерін жатқа айтып,мақтан тұтуда.М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясына Буктрейлер ұйымдастырылып,мектеп ұжымына және жоғарғы сынып оқушыларына оқуға ұсынылды,бастауыш сынып арасында Абайдың төрт мезгілге арналған «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем» атты өлеңдерін айтып сайысты. «Абай – дана,Абай –дара» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеде Абайдың туған жері Жидебайдан бастап ,бүкіл өмірі жайлы,өлеңдері,шығармалары,аудармалары,қара сөздері оқырман қауымға ұсынылды.

«Туған өлкем,неткен көркем», «Жүректің сырлы саздары», «Өз құқығыңды білсең,өзіңді қорғай аласың», «Денсаулық – зор байлық», «Қазақтың ханы Қасымханға -580 жыл», «Тәуелсіз елім Қазақстан», «Гармония в семье,счастье в доме», «Ертегілер әлемі», «Желбіре Жеңіс жалауы!» т.б. көптеген кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Мектеп дәлізінде тоғыз ай бойы «Буккроссинг» өзің оқы,басқаларда оқысын, кітап алмасу бұрышы барлық кітапқұмарлар үшін қызмет жасауда.Кітаптар үнемі ауыстырылып оқылып ,кітаптар қозғалыста болуда. Одан бөлек жылда ақпан айында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы арқасында мектеп кітапхана қоры қаншама қызықты әр түрлі жанрдағы кітаптармен,ертегі,энциклопедия,анықтамалармен толықтырылды. Акцияға тек мектеп оқушылары мен ұжым қатыспай,аудан әкімі және аудандық білім бөлімінің басшысы,өзге де мекемелерден кітаптар сыйлыққа келді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 2024-2025 оқу жылында 895 дана жаңа көркем әдебиет келіп,оқырман саны көбейді,өте жоғарғы сападағы кітаптар әдемі безендендірілген оқырмандардың көз жауына ие болды.

Кітапханамызда сондай-ақ ұлттық асық ойыны ,бес тас,сақина табу секілді қазақтың ойындары үзілісте ойналып,білімалушыларға ұлтымыздың салт дәстүрлерін,спорттық ойындары ұмытпай насихатталуда.Ойындардың шығу тарихы,ережелері,әдіс тәсілдері үнемі таныстырылуда.

« Кітапхана білімпаздар мекені» демекші оқушылардың осы мектеп қабырғасында алған білімдерінің сапасын біз көптеген викториналық сұрақ кештерде байқаймыз. Мысалы: «Тілім менің тірегім», «Ертегі тәрбие көзі», «Мұқағали мұрасы,қазақтың қазынасы», «Құстар –біздің досымыз», «Халықтар достығы – бірлікте», «Қазақстан республикам менің», «Отбасы бәріне бастау» тағы да басқалар. «Интернет орнына кітап» акциясы, «Менің сүйікті кітабым», « Мен оқыған бір кітап» атты ұйымдастырылған іс –шаралардың барлығының мақсат мүддесі бір білмалушыларды кітап оқуға баулу,олардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып,сұраныстарын қанағаттандыру.

Оқырман залында «Мобильді кітапхана да» қолжетімді,ол жерде бастауыш сыныптарға арналған әр түрлі қиял – ғажайып ертегілер,орта буынға фантастика,проза,жоғарғы буынға қазақ әдебиеті жаухарларының шығармалары,комедиялар,шетел әдебиетін қызыға оқуға болады.

Бастауыш сыныптармен үнемі кітапханалық сабақтар ұйымдастырылуда. Оқулықтың және көркем әдебиет кітаптар ,кітапшалар алған кезде өте таза ұқыпты ұстауға шақырылды,себебі

бұл оқулықтарды сондарынан келе жатқан қаншама бүлдіршіндер оқып ,талай біліммен сусындалатыны анық.

« Демалыста кітап оқимыз» акциясында әр буынға жас ерекшеліктеріне байланысты кітаптар тізімі дайындалып ,әр сыныпқа таратылды. Оқырмандарымның жазғы демалысы кітаппен бірге өте қызықты және уақыттарын тиімді пайдаланады деген сенімдеміз.

### **IX . Жасалған талдау негізінде жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттерін айқындау.**

- 1.Заманауи мектептерге сай жоғары білімді, шығармашыл тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау.
- 2.Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру, ана тіліміздің Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болуына атсалысу;
3. Үштілділік бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар жүйесін жоспарлау;
4. Жаңартылған білім мазмұнына сай білімге қадам басқан сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамутыға педагогтердің құзыреттілігінің артуына жағдай жасау;
5. Педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту, жаңа педагогикалық технологияларды үйренуіне ықпал ету; «Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің» тәжірибесін оқып – үйрену, оқу үрдісіне енгізу;
6. Мектепшілік бақылаудың нәтижелі жүргізілуін қамтамасыз ету арқылы сапалы білім мен тәрбие қол жеткізу;
7. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін жетілдіру;
8. ББЖМ-ға дайындық бойынша ӘБ жұмыстарын жүйелеу;

9. Сынып жетекшілерге тәрбие қызметін жетілдіру үшін жұмыстың инновациялық формалары бойынша практикалық семинарлар өткізу;

10. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұжымының жұмысын белсендендіру;

11. Оқушылардың бос уақыттарын толық қамту жұмыстарына ата-аналардың қатысуын белсенді ету;

12. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы мен қарым-қатынасын жетілдіруде жаңа әдіс-әсілдерді енгізу;

Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуды басты назарда ұстай отырып, оқушыларды рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеу;

13. Оқушылардың бойында патриоттық сананы қалыптастыру, қазақстандық отаншылдық мен азаматтық жауапкершілдік, сана-сезім мен толеранттылыққа, этникааралық жағдай қарым-қатынас жасай тәрбиелеу.

## **2– бөлім**

### **Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту**

1. Жалпыға бірдей міндетті білім беруді ұйымдастырудың жылдық жұмыс жоспары
2. Ыстық тамақты ұйымдастырудың жылдық жұмыс жоспары
3. 1-тамыздан - 30-қыркүйек аралығында өтетін жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары
4. Оқушылар өмірінің қауіпсіздігін сақтау және алдын-алу бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары
5. Мектеп әлеуметтік педагогының жылдық жоспары

**Көкпекті орта мектебіндегі жалпыға бірдей міндетті оқуды ұйымдастырудың жылдық жұмыс жоспары  
2025-2026 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Мектепке бекітілген ықшам аудан бойынша пәтерлерді аралап, 0-18 жас аралығындағы балалардың тізімдерін алып, есебін жасау.	Тамыз-қыркүйек Қаңтар-ақпан	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
2	Мектеп оқушыларының күнделікті сабаққа қатысын бақылау. Дәлелсіз себептермен сабақ жіберетін оқушыларды болдырмауда сынып жетекшілер жүйелі жұмыстану;	Күнделікті Жыл бойы	ДТДЖО Омарова З.С. Сынып жетекшілері
3	Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы жанұя және қамқорлыққа алынған балалардың тізімін жасақтау, көмек ұйымдастыру.	Жыл бойы	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
4	Денсаулық сақтау мекемесімен бірлесіп мектеп оқушыларының денсаулығын толық тексеру, бақылауға алу.	Қыркүйек, қазан Сәуір, мамыр	Мектеп медбикесі
5	КЖТІБ инспекторымен және ата- аналармен құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында жұмыс түрлерін ұйымдастыру.	Жыл бойы	Полиция инспекторы
7	Тоқсанына бір рет сынып ата – аналар жиналысын, жылына екі рет мектепшілік ата – аналар жиналысын өткізу;	Жоспарға сәйкесті	Сынып жетекшілері
8	Мектеп алды сыныбының жұмысын ұйымдастыру;	Қыркүйек, күнделікті	ДОЖО Каребаева Г.Ж.
9	9-сынып оқушыларының негізгі мектепті аяқтағаннан кейінгі оқу орындарына орналастыру;	Мамыр, тамыз	Сынып жетекшілері
10	Мектеп оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Кітапхана меңгеруші
11	Денсаулығы нашар оқушыларға арнаулы дәрігерлік топ ұйымдастыру.	қыркүйек	Мектеп медбикесі ДОДЖО; ДТДЖО Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері
12	Денсаулығына байланысты арнаулы құжаттар тапсырған оқушыларға үйден оқытуды ұйымдастыру.	Жыл бойы	ДОДЖО Аубакиров Н.С.
13	Мектептің оқу процесін түгелдей мамандығына сәйкес педкадрлармен қамтамасыз ету.	қыркүйек	ДОЖЖО Каребаева Г.Ж.
14	Барлық мектеп қызметкерлерінің дәрігерлік бақылаудан өтуін ұйымдастыру.	Тамыз-қыркүйек	Медбике Агибаева Д.А.
15	Ата- аналар комитеті және КЖТІБ комиссиясымен бірлесе отырып, ата аналардың балалардың мектепке келуін қамтамасыз ету жауапкершілігін түсіну туралы жұмыс жүргізу.	Үнемі	Мектеп инспекторы ДТДЖО Омарова З.С.
16	Мектеп қызметкерлерінің газет- журналдарға жазылуын ұйымдастыру.	Жылына 2 рет	Мектеп кітапханашы
17	Ата- аналарға арналған лекторийлер өткізу	Тоқсанына бір рет	Сынып жетекшілері Мектеп психолог Мукатаева Х.О. Зарыкбаева Г.М.
18	Қабілетті балаларға арналған қосымша сабақтар, үйірмелер, факультативтер ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
20	1 сыныпты комплектілеу	Тамыз	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
21	Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізу арқылы әлеуметтік	Тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.

	төл құжат жасақтау;		Сынып жетекшілері
23	Қолайсыз жағдайдағы балалар үшін тәртіпсіздікті, қылмысты болдырмау бағытында алдын алуда түрлі іс- шаралар ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М. ДТЖО Омарова З.С. Мектеп психолог Мукатаева Х.О. Зарыкбаева Г.М.
24	Жалпыға бірдей білім беру қорына бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
25	Бастауыш, орта буын, жоғарғы кластар аралығындағы сабақтастық шараларын жүйелі түрде жүргізу.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі ДОЖЖО Айтқурбанов М.А. Бастауыш сынып мұғалімдері
26	Мектеп оқушылары арасында үлгермеушілікті болдырмау бағытында оқушымен жеке жұмыс, қосымша сабақтар консультациялар жүргізу.	Жыл бойы	ДОЖЖО Қарабаева Г.Ж. Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер
27	9-11 сыныптар аралығында кәсіптік бағдар беру бағытында жұмыстар жүргізу, ұйымдастыру.		Сынып жетекшілері Кәсіптік бағдар беруші Кайрханова Г.К., Орынбаев Б.Н.
28	Мектеп оқушыларының қозғалысы мен есепке тұру туралы құжаттарын жүргізуді үнемі бақылауға алу.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі ДОЖЖО Қарабаева Г.Ж.
29	Білім класс сайтының жағдайын тексеру,	Үнемі, жоспарға сай	Мектеп әкімшілігі ДОЖЖО Дуйсешов К.Т.
30	Оқушылардың ата аналарының өтініші мен мектептің жағдайына байланысты бағдарлы сыныптардың ашылуын қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
31	Мектептен тыс жердегі жастар қоғамымен байланыста болу.	Жоспар бойынша	ДОТЖЖО Қарабаева Г.Ж. Тәлімгер Жадрин А.Ч., Шекенова Н.Ш.
32	КЖТІБ инспекторымен бірлескен түрде адам көп жиналатын жерде рейдтер ұйымдастыру.	Жоспар бойынша	ДТЖЖО Омарова З.С. Полиция инспекторы
33	Жалпыға бірдей білім беру жоспарына сәйкес жылына екі рет айлық өткізу.	Тамыз, қаңтар	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
34	Девиантты мінез – құлықты балалардың деректер банкісін құрып, тұрақты жұмыстану.	үнемі	ДТЖЖО Омарова З.С.
35	Мұқтаж балаларды тегін оқулықтармен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету.	үнемі	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.

**Тамыздан 30 қыркүйек аралығында өтетін жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары  
2025-2026 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Өткізілетін шаралар</b>	<b>Өткізу мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1	Жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы бұйрық пен іс шаралар жоспарын жасақтау	Тамыз	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
2	Жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы стенд түрінде ақпараттық бұрыш құру	Тамыз-қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
3	Акция логотипі басылған арнайы қағаздар, плакаттарды дайындап тарату	Тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
4	а) мектепке бекітілген шағын ауданның нақты шекаралары көрсетілген қалалық әкімдік шешімінің жазбасын, мектеп шағын ауданының картасының, мектептің шағын ауданында тұратын 0 жастан-18 жасқа дейінгі балалардың тізімінің, осы шағын ауданда тұратын, бірақ құжатпен растау арқылы басқа білім беру ұйымдарында оқитын балалар тізімінің, басқа шағын аудандарда тұратын, бірақ осы мектепте оқитын балалардың тізімін жасақтап тапсыру.	Тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
5	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын тексеру, зерттеу және көп балалы жанұя және қамқорлыққа алынған балаларға көмек ұйымдастыру	Ай бойы	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М. Сынып жетекшілер
6	Демеушілік қолдау көрсете алатын бизнес құрылымдарын, үкіметтік емес ұйымдарды және мемлекеттік органдармен әріптестік қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек көрсету жұмысын жүргізу	Тамыз-қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
7	Қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізу	Ай бойы	Полиция инспекторы Мектеп әкімшілігі
8	Сынып ата-аналар жиналысын өткізіп «Мектепке жол» акциясына ата-аналар атсалысуын ұйымдастыру	Ай бойы	Сынып жетекшілер
9	Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану жағдайын ұйымдастыру: үйірме, спорт секцияларына қатысуын қадағалау	үнемі	ДТЖЖО Омарова З.С. Сынып жетекшілер
10	Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысын тексеріп есеп беру	үнемі	Сынып жетекшілер ДТЖЖО Омарова З.С.
11	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	үнемі	ДТЖЖО Омарова З.С.
12	Оқушылардың денсаулықтарын, денсаулықтары туралы іс-қағаздарды қайта тексеру	Ай бойы	Мектеп медбикесі Агибаева Д.А.
13	Сабақ кестесін, үйірмелер мен факультативтер кестесін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі ДОЖЖО

	қарастырып, бекіту		Айтқурбанов М.А..
14	Бұқаралық ақпарат құралдарына жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясының өту барысы туралы мақалалар шығаруларын ұйымдастыру	Тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
15	Акцияның өту барысы туралы аралық ақпаратты мәтіндік және қоса берілген нысандарға сәйкес тапсыру	Әр апта сайын	Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.
16	Акцияның қорытындысы туралы талдау ақпаратты, фото-материалдарымен бірге тапсыру бойынша АБББ-не есебін бекітілген кестеге сәйкесті тапсыру	Қыркүйек айының соңы	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Айтжан Ж.М.

**Оқушылар өмірінің қауіпсіздігін сақтау және алдын-алу бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары**

**Мақсаты:** Оқушылардың өмір сүру қауіпсіздігін сақтандыру, өрт, су, жол қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және оларды орындауларының орнықты дағдыларын қалыптастыру.

**2025-2026 оқу жылы**

№	Іс-әрекет мазмұны /шаралар/	Іс әрекеттің әдісі мен түрлері	Жауаптылар	Қатысушылар	Мерзімі	Есеп түрі
1	Балалармен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін сақтандыру	Ережелермен таныстыру	ДТЖО Омарова З.С. Сынып жетекшілері	1-4,5-10	Қыркүйек	Хаттама
2	Оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстыру	Сынып сағаттарында	Сынып жетекшілері	1-8	Қыркүйек	Жоспар хаттама
3	«Абайла жолдан, жас ұлан!» жол ережелері бойынша ең үздік суреттер, плакаттар байқауы	Байқау	Тәлімгер Булумбаева З. М.	2-6	Қыркүйек	Мәлімет
4	«Өрттен сақтану, алдын алу шараларын ескерту»	Тәрбие сағаттарында	Сынып жетекшілері	1-11	Тәрбие жоспарына сәйкесті	Жоспар хаттама
5	Оқушыларға суда шомылудағы қауіпсіздік, мұзда сырғанаудағы қауіпсіздік шаралары жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу	Сынып сағаттарында	Сынып жетекшілері	1-11	Үнемі, Жыл мезгіліне байланысты	Анықтама
6	Ата – аналар жиналыстарында жолда жүру, суда шомылу, мұзда сырғанау, өрт қауіпсіздігінің алдын-алу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізу.	Қауіпсіздіктің алдын-алу, кеңес беру.	Сынып жетекшілері	Ата-аналар	Қыркүйек	Жоспар хаттама
7	Пандемия кезінде сақтық шараларды ұйымдастыру	Түсіндіру жұмыстары	Сынып жетекшілері	1-11	Жыл бойы	Мәлімет
8	Оқушы тұратын мекен жай мектепке қатынайтын жол	Күнделіктері не қатынайтын жол сызбасын	Сынып жетекшілері, Ата-аналар	1-4	Қыркүйек	Мәлімет

		сызу				
9	Мектептегі «Жол сақшысы» инспекторлар клубының жұмысын жалғастыру	Қауіпсіз жол бойынша жұмыс түрлерін ұйымдастыру	ДТІЖО Омарова З.С. Тәлімгер	7-8	Жыл бойы	Іс-шара жоспарлары

**Көкпекті орта мектебінің әлеуметтік педагогының  
2025- 2026 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары**

**Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты:** мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқық бұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс жасай отырып, медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен, КТБЖ қызметкерлерімен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен жылдық жоспар жасайды.

**Міндеттері :** Оқушылардың микро орталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқау. Қиындықтар мен проблемалар, сондай – ақ, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша іс – шаралар өткізу; Оқушылармен, ата – аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасау. Мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен балалар арасында қарым – қатынас орнату;

р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
<b>I.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу</b>				
1.	«Мектепке жол» республикалық акция аясында, стенд жабдықтау, рейдтік кезекшілік ұйымдастыру, атқару.	тамыз	ДОІЖО Омарова З.С. әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	Аудандық білім бөліміне есеп беру, мектеп сайтына жариялау.
2.	Жалпы оқыту қорынан берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың құжаттарын рәсімдеу, тізімін бекіту, бұйрық шығару	тамыз	әлеуметтік педагог	Анықтама Педагогикалық кеңес Қамқоршылық кеңес
3.	Әлеуметтік педагогтың жаңа оқу жылына арналған іс – шаралар жоспарын құру, бекіту	тамыз қыркүйек	әлеуметтік педагог	
4.	Мектептің әлеуметтік картасы	қыркүйек	әлеуметтік педагог	

			сынып жетекшілер	
5.	Тұл жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үй-тұрмыстық жағдайын зерделеу, тізімін бекіту, қамқоршы есебі	қыркүйек	ДОЖО Әлеуметтік педагог, Педагог-психолог, сынып жетекшілер	Аудандық білім бөліміне есеп беру
6.	Сыныптың әлеуметтік картасы /1-11 сынып/	қазан	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	
7.	Тамақтану сапасының мониторингі жұмыстарының есебі	Тоқсанына бір рет	Әлеуметтік педагог	Педагогикалық кеңес Ата-аналар жиналыс
8.	Сынып жетекшілердің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	үнемі	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Қадағалау жұмыстары
9.	Президенттік, облыстық және қалалық әкімнің жаңа жылдық шыршасымен аз қамтылған отбасы, көп балалы, толық емес отбасы, жалғыз басты ана, жетім, өгей ата-анамен тұратын оқушылар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларды қамту	желтоқсан	ДТІЖО Омарова З.С. Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Аудандық білім бөліміне мәлімет беру
10.	Жалпы оқыту қорынан берілген көмектер туралы жарты жылдық есеп	желтоқсан	әлеуметтік педагог	Анықтама Педагогикалық кеңес
11.	Тұл жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың кестесі	қаңтар	ДҚТІЖО Әлеуметтік педагог, педагог психолог, сынып жетекшілер	Аудандық білім бөліміне есеп беру
12.	Қамқорлықтағы баланың жай-күйі	сәуір	әлеуметтік педагог	ДЖК анықтама
13.	Аз қамтылған отбасы, көп балалы, толық емес отбасы, жалғыз басты ана, өгей ата-анамен тұратын оқушылар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларды қалалық және мектепшілік жазғы сауықтыру лагерімен қамту	мамыр	әлеуметтік педагог	Оқушылардың тізімін анықтау, өтініш жинау.
14.	Қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне тегін жолдама берілетін оқушылардың тізімін ұсыну және	мамыр	әлеуметтік педагог	Педагогикалық кеңес отырысы

	бекіту			Анықтама
15.	Әлеуметтік педагогтың 2023 - 2024 оқу жылының жұмысын талдау және қорытынды есебін жасау	мамыр	әлеуметтік педагог	Сараптама
<b>II. Балалық құқығын қорғау жұмысы</b>				
16.	Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша көмек көрсету	тамыз қыркүйек	ДОИЖО Каребаева Г.Ж. Әлеуметтік педагог	көмек көрсету
17.	Есепке алынған білім алушылармен жеке жұмыс жоспарын құру.	қыркүйек	ДҚТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекші, әлеуметтік педагог	Жоспар
18.	Сенімхатпен тұрып жатқан балалардың сенімгерлеріне бақылау жасау, есепке алу жүйесін жүргізу, профилактикалық шараларды ұйымдастыру	Қыркүйек	ДҚТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, психологтер, аумақтық инспектор	
19.	ДҚІЖО мен бірлескен жұмыс жоспарын құру, бекіту, тізімін құру «Отбасы және бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» іс-шарасы	қыркүйек	ДҚТІЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог	Іс-шара ұйымдастыру
20.	Жекеленген санатқа қарай оқушыларды ыстық тамақпен қамту	жыл бойы	әлеуметтік педагог	Құжаттарын жинақтау, табель толтыру, тізім жаңарту
21.	Аз қамтылған оқушыларды үйірмелерге қамту	тоқсанына бір рет	әлеуметтік педагог	мәлімет
22.	«Адамгершілік-жыныстық тәрбие, құқықтық мәдениет және тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллингтің, құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыптарында ұлдар мен қыздар жиналысы	Ай сайын	ДҚТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, психологтер, аумақтық инспектор	Жиналыс
23.	Қамқоршы күніне орай «Мейірімді жүрек» іс-шара ұйымдастыру	қазан	ДОИЖО Каребаева Г.Ж. ДТІЖО Омарова З.С.	Іс-шара ұйымдастыру

			Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	
24.	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды анықтау. Көмек көрсету, атқарылған жұмыстар туралы ақпарат жинау.	қараша	ДҚТІЖО, аумақтық инспектор, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Ақпараттандыру жұмыстарын әлеуметтік желіге жүктеу
25.	«Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» рейдтік іс-шараларына қатысу	жыл бойы	ДҚТІЖО, аумақтық инспектор әлеуметтік педагог	мәлімет
26.	«ҚР-ның заңнамасындағы отбасы және неке мәселесі. Ерте мәжбүрлі некеге тұрудың алдын алу шаралары» іс-шарасы. (10-11-сынып оқушылары)	қараша	ДҚТІЖО, аумақтық инспектор, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Ақпараттандыру жұмыстарын әлеуметтік желіге жүктеу Іс-шара
27.	«Ерте жүктіліктің салдары» ақпараттық іс-шара (7-11-сынып қыз балалары)		ДҚТІЖО, аумақтық инспектор, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Ақпараттандыру жұмыстарын әлеуметтік желіге жүктеу Іс-шара
28.	«Жүрегінді мейірімділікке толтыр» қайырымдылық акциясы	қаңтар	ДТЖО Омарова З.С. әлеуметтік педагог,	қайырымдылық акциясы
29.	1. Жасөспірімдер арасында агрессия көрсететін балалармен, балаларға қатысты зорлық-зомбылық орын алған отбасылармен жеке жұмыс жүргізу. 1-11 сынып оқушылары (анықталған фактілер бойынша)	қаңтар	ДҚТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекші	АКТ толтыру
30.	<b>Ата-аналар жиналысы</b> «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша туралы ата-аналарға профилактикалық жұмыстар	тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог	Анықтама
31.	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды анықтау. Көмек көрсету, атқарылған жұмыстар туралы ақпарат жинау.	Анықталған жағдайда	ДҚТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекші, әлеуметтік педагог, аумақтық инспектор	Жүргізілген жұмыс туралы ақпарат

32.	Ата-аналардың бала тәрбиесі мен біліміндегі жауапкершілігін түсіндіру мақсатында ата-аналармен әңгімелесу, кездесулер. Ата-аналар жиналысын өткізу.	жыл бойына	ДҚТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекші, әлеуметтік педагог, аумақтық инспектор	Хаттама
<b>III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс</b>				
33.	Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, әлеуметтік картасын толтыру	қазан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар құру Тізімін жасау АКТ толтыру
34.	Жайсыз отбасынан шыққан оқушылармен жұмыс әлеуметтік тұрмыстық жағдайы зерделеу, әлеуметтік картасын толтыру, жоспарын құру.	қазан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар құру Тізімін жасау АКТ толтыру
35.	Өгей ата-анасымен тұратын оқушылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы зерделеу, әлеуметтік картасын толтыру, жоспарын құру.	қазан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар құру Тізімін жасау АКТ толтыру
36.	Сенімхатпен тұратын оқушылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу, әлеуметтік картасын толтыру, жоспарын құру	қазан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар құру Тізімін жасау АКТ толтыру
37.				
<b>IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б)өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы</b>				
38.				
39.	- Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқық бұзуға бейім оқушылардың тізімін анықтау және әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерделеу	қазан	ДҚТІЖО, Әлеуметтік педагог, педагог-психолог,	Акт толтыру
40.	-Құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі УПИ ЮПТ инспекторларымен әңгімелесуді ұйымдастыру	ақпан	ДҚТІЖО, Әлеуметтік педагог, педагог-психолог,	Ұйымдастыру жұмыстары
41.	Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар.	наурыз	ДҚТІЖО, Әлеуметтік педагог,	Анықтама

			педагог-психолог	
42.	Оқушыларға адамгершілік-жыныстық тәрбие беру бағыты бойынша «Құқықтық сана – қоғамға пана» жобасы аясында әлеуметтік серіктестермен бірлескен іс-шаралар жоспарының жүзеге асырылу жағдайы	сәуір	ДҚТІЖО, аумақтық инспектор, педагог - психолог, әлеуметтік педагог	Кездесу ұйымдастыру
43.	Медициналық сала өкілдерімен <a href="#">кездесулер өткізу</a>	сәуір	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог,	кездесу
<b>V. Білім алушылардың ата-аналармен (отбасылармен) профилактикалық жұмыс</b>				
44.	«Қамқоршы күні» 29-қазан	қазан	әлеуметтік педагог	Іс-шара
45.	Баланың құқығы мен мүддесін қорғау жәрдемақы және қосымша көмек алуы туралы өзгерістерді ата-аналарға хабарлау	қаңтар	әлеуметтік педагог	Ақпараттандыру жұмыстары
46.	Ата –аналар жиналысына қатысу	жыл бойы	әлеуметтік педагог	Сұраныс бойынша түсіндіру жұмыстары
<b>VI. Диагностикалық-талдау қызметі</b>				
47.	«Гепатит- А» вирусы Диктант 5-7 сыныптар	қазан	Мектеп медбикесі	Анықтама
48.	« Мектепте тамақтану бойынша сауалнама» 1-4 сыныптар	қараша	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
49.	«Асхана тағамы ұнай ма?» 5-6 сыныптар	қазан	Әлеуметтік педагог	Сауалнама
50.	«Мектепте тамақтану бойынша сауалнама» 7-8 сыныптар	қазан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
51.	«Мектепте тамақтану бойынша сауалнама» 9-10 сыныптар	қараша	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
52.	«Дұрыс тамақтану» тақырыбында дәріс 5-11 сынып	қараша	Мектеп медбикесі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Хаттама
53.	«Асхана тағамы ұнай ма?» 5-6 сыныптар	желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Сауалнама
54.	«Тиімді тамақтану» тақырыбында бейнеролик 1-4 сыныптар	қаңтар	Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі	Хаттама
